

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Белқопа жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы.**

## **1. Жалпы ережелер**

1.1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Белқопа жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – коммуналдық мемлекеттік мекеме) заңды тұлға мәртебесіне ие, ұйымдастырушылық-құқықтық үлгідегі, бастауыш жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ оқушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыру мақсатында коммерциялық емес, коммуналдық мемлекеттік мекеме болып табылады.

1.2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық

1.3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме 1963 жылы құрылды.

1.4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі (бұдан әрі - құрылтайшы) болып табылады.

1.5. Мекеменің тиісті саласын басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі - уәкілетті орган) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

1.6. Мекеменің мемлекеттік мүлкін басқару жөніндегі Уәкілетті органы (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органы) «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

1.7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Белқопа жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

1.8. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: индексі 030117, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Қарабұтақ ауылдық округі, Белқопа ауылы, Жолай Жүсіп көшесі, 8А ғимараты.

## **2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі**

2.1. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға құқығын иеленеді және құрылған болып саналады.

2.2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің дербес балансы, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктерде дербес есеп шоты, бланктері, Қазақстан Республикасының Коммуналдық мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және коммуналдық мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

2.3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

2.4. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауапты болады.

2.5. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

## **3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары**

3.1. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Заңдарына және өзге де нормативтік-құқықтық келісімдеріне,